

**Қазақстан Республикасының Ганновер қаласындағы (ГФР) "ЭКСПО-2000"
Бүкілдүниежүзілік көрмесіне қатысуын ұйымдастыру жөніндегі қосымша шаралар
туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 31 тамыздағы N 816

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Ганновердегі "" ЭКСПО-2000" Бүкілдүниежүзілік көрмесіне қатысуы туралы" 1996 жылғы 16 қаңтардағы N 57 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 4, 19-құжат) сәйкес және көрмеге дайындық жөніндегі жұмыстарды жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының "ЭКСПО-2000" Бүкілдүниежүзілік көрмесіне экспозиция дайындау және оған қатысуы жөніндегі ұйымдастыру комитеті құрылып, оның құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының "ЭКСПО-2000" Бүкілдүниежүзілік көрмесіне экспозиция дайындау жөнінде жауапты орындаушы болып белгіленсін.

3. Қазақстанның "ЭКСПО-2000" Бүкілдүниежүзілік көрмесіне экспозициясының Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы әзірлеген Т ұ ж ы р ы м д а м а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі: 1998 жылғы 1 қыркүйекке дейін Қазақстан Республикасының "ЭКСПО-2000" Бүкілдүниежүзілік көрмесіне экспозиция дайындау жөнінде атқарушы комитет құрсын;

Қазақстан Республикасының "ЭКСПО-2000" Бүкілдүниежүзілік көрмесін ұйымдастыруға және соған қатысуға шығындар сметасын бір ай мерзім ішінде әзірлеп, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне табыс етсін;

Қазақстан Республикасының "ЭКСПО-2000" Бүкілдүниежүзілік көрмесіне экспозиция қалыптастыру мақсатында Ұйымдастыру шараларының жоспарын әзірлеп, "Қоршаған орта және даму" тақырыбы бойынша тұжырымдамалық жобаларды іріктеп а л у д ы ж ү р г і з с і н ;

Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп көрмеге қатысудың бүкіл кезеңіне мәдени ойын-сауық бағдарламасының тұжырымдамасын әзірлесін;

Қазақстан Республикасының "ЭКСПО-2000" Бүкілдүниежүзілік көрмесіне қатысуын ұйымдастыру жөніндегі шараларды жүзеге асырудың барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне тоқсан сайын хабарлап отырсын.

5. "Қазақстан Республикасының Ганновердегі "ЭКСПО-2000" Бүкілдүниежүзілік

көрмесіне қатысуын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 тамыздағы N 1211 P971211_ қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1998 жылғы
31 тамыздағы

N 816 қаулысына қосымша<*>

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.11.18. N 1752 қаулысымен. P991752_

Қазақстан Республикасының "ЭКСПО-2000"
Бүкілдүниежүзілік көрмесіне дайындық және оған
қатысу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің

Құрамы

- Тоқаев Қасымжомарт - Қазақстан Республикасының Премьер
Кемелұлы Министрі, төраға
- Өтембаев Ержан - Қазақстан Республикасы Премьер-
Әбілхайырұлы Министрінің орынбасары, төрағаның
орынбасары
- Саудабаев Қанат - Қазақстан Республикасының Премьер-
Бекмырзаұлы Министрі Кеңесінің Басшысы,
төрағаның орынбасары
- Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:
- Ыдырысов Ерлан - Қазақстан Республикасының Сыртқы
Әбілфайызұлы істер министрі
- Асанбаев - Қазақстан Республикасының
Ерік Мағзұмұлы Германиядағы Төтенше және Өкілетті
Елшісі
- Кәкімжанов Зейнолла - Қазақстан Республикасының
Халидоллаұлы Мемлекеттік кіріс министрі
- Сәрсенбаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет,
Алтынбек Сәрсенбайұлы ақпарат және қоғамдық келісім
министрі
- Көшербаев - Қазақстан Республикасының Білім
Қырымбек Елеуұлы және ғылым министрі
- Дәукеев - Қазақстан Республикасының Табиғи
Серікбек Жүсіпбекұлы ресурстар және айналадағы ортаны
қорғау министрі

Мыңбаев Сауат - Қазақстан Республикасының Ауыл
Мұхаметбайұлы шаруашылығы министрі

Бүркітбаев - Қазақстан Республикасының Көлік
Серік Мінуарұлы және коммуникациялар министрі

Есенбаев Мәжит - Қазақстан Республикасының Қаржы
Төлеубекұлы министрі

Күлекеев Жақсыбек - Қазақстан Республикасының Экономика
Әбдірахметұлы министрі

Школьник Владимир - Қазақстан Республикасының Энергетика,
Сергеевич индустрия және сауда министрі,
төрағаның орынбасары

Мұхамеджанов - Қазақстан Республикасының
Бауыржан Әлімұлы Әділет министрі

Келімбетов Қайрат - Стратегиялық жоспарлау жөніндегі
Нематұлы агенттіктің төрағасы (келісім бойынша)

Биманбетов Бақытбек - Қазақстан Республикасы Туризм және
Тәжібайұлы спорт жөніндегі агенттігінің төрағасы

Қанапиянов - Қазақстан Республикасының Премьер-
Сержан Мұсақанұлы Министрі Кеңсесінің Сыртқы
байланыстар бөлімінің меңгерушісі,
жауапты хатшы

Зверьков - Қазақстан Республикасының Сыртқы
Вадим Павлович істер министрлігі Халықаралық
экономикалық ынтымақтастық
департаментінің директоры

Жақсалиев - Қазақстан Республикасы Стратегиялық
Бақытжан жоспарлау жөніндегі агенттігінің
Мұхамбетқалиұлы Экономикалық саясат және арнайы
бағдарламалар департаменті
директорының орынбасары

Сұраншинова - Қазақстан Республикасы Премьер-
Гүлзада Битөлекқызы Министрінің Кеңсесі Сыртқы
байланыстар бөлімінің консультанты

Балғымбаев Нұрлан - "Қазақойл" ҰМК" ЖАҚ-ның
Өтепұлы президенті (келісім бойынша)

Етекбай - "Эйр Қазақстан" ЖАҚ-ның президенті

Ербол Ғабдуәліұлы (келісім бойынша)

Құлыбаев - "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау
Тимур Асқарұлы жөніндегі ЖАҚ-ның президенті
(келісім бойынша)

Мәсімов - "Қазақстан Акционерлік Халықтық
Кәрім Қажымқанұлы Жинақ Банкі" ААҚ басқармасының
төрағасы (келісім бойынша)

Молдағалиева Мәрия - "Қазэкспо" фирмасының президенті
Тәшкенбайқызы (келісім бойынша).

ЕСКЕРТУ. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.07.09. N 950 қаулысымен.
P990950_